

Жаңаша оқыту – рухани жаңғыру бағдарламасының бір саласы

Дошанова Сабира Есентаевна
Юбилей орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуге балаға» демекші, табандылықпен жұмыс жасап, әлемдік оқыту жүйесінің жаңа технологияларын ұтымды пайдалана отырып, шәкірт жүрегіне жол табу – инемен құдық қазғандай.

Біліктілік арттырудың деңгейлік оқу курсынан өтіп, өз жұмыс орнымда оқу үдерісіне жаңалық әкеліп, жаңа бағдарлама бойынша сабақ жүргізіп, өз іс - тәжірибемді әріптестеріммен бөлісіп жүрген жанмын.

Әрине, бұл жаңа бағдарламаның қиындығы мен қызығын бірден игеріп кету оңай іс емес екендігі белгілі. Бірақ, XXI ғасыр мұғаліміне қойылатын талап та зор, сол талаптан шығу үшін мұғалім жан - жақты, білімді болуға тиіс.

Мен де оқыту үдерісіне енгізіліп жатқан жаңа бағдарламаның тиімділігі жөнінде айтпақпын. Жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыруда мына әдіс-тәсілдер нақты берілген. Айталық, белсенді оқу, бірлескен оқу, оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру, кері байланыс және т.б. Сонымен қатар, орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілінің оқу бағдарламасы бойынша оқу мақсаттары оқушылардан жазылым дағдысына қоса айтылым, тыңдалым, оқылым дағдыларын пайдалануды талап етеді. Педагогиканың барлық осы аспектілері сындарлы оқыту теориясымен үйлеседі. Сындарлы оқыту тәсілдері оқушылардың жаңа білімді алдыңғы білімдерімен ұштастыра отырып игеруін көздейтін тұжырымдамаға негізделген. Бұл жерде ең маңыздысы: оқушылардың алдыңғы алған дағдыларды жаңа дағдыларды меңгеруге үлкен ықпалын тигізеді. Сындарлы оқытудың мақсаты - оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез - келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету.

Оқушылар оқыған тақырып бойынша білімдерін өз деңгейінде көрсетіп, кейбір болжамдар бойынша күмәнді ойларын білдіре алатындай пікір - көзқарастарын нақтылап, жаңа ұғым – түсініктерін өрістетуге ықпал ету.

Оқушы тақырыптық түсіну деңгейін анықтап, оның түсінігін толықтыруға немесе қайта құруға көмектесу мұғалімнің міндеті. Мұғалімге қойылатын талап заманауи талаптарға сәйкес келуі. Ең негізгісі «Балалар қалай оқиды» қағидасы, ал қалғаны: Нені оқыту керек? Оқытудың реттілігін қалай құрылымдау керек? Табыстылық деңгейді қалай бағалауға болады?

Қазіргі жаңа оқыту жүйесінде 7 модульді басшылыққа алып жүргізген топтық жұмыс оқушының да, мұғалімнің де ой өрісін кеңейтіп, шығармашылық қабілетін арттырып, құлшынысқа итермелейді. Соның ішінен сабақ барысында жақсы ұйымдастырылған топтық жұмыс оқушылар арасында әлеуметтік өзара қарым - қатынасты, тиімді араласу және проблемаларды шешу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Бұл, өз кезегінде білім алушылар өздерінің оқуларына белсенді қатысуға итермелейді. Білім алушылар алынған ақпаратты ойластыруға және талқылауға, өзгелердің пікірлерін түсінуге немесе теріске шығаруға ынталандырған жағдайда топтық жұмыс тиімді болады.

Топтық жұмыста оқушылар білуге тиісті негізгі ережелер бар, соны ескеру керек. Олар:

- кезекпен сөйлеу;
- белсенді тындау;
- сұрақ қою және сұрақ барма екенін сұрау;
- ұсыныс енгізу және басқаларда ұсыныс бар ма екенін сұрау;
- өз ойларын және пікірлерін ортаға салу;
- ұсыныс, идеяларды ұжыммен талқылау;
- көмектесу және көмек сұрау;
- түсініктеме беру;
- топтық шешім қабылдау және ортақ бір шешімге келу;
- дәйекті айғақтар келтіру.

Сабақтарда «сабақ беру және оқыту үдерісінде» 7 модульді қолдана отырып, мұғалім оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, ынтасын оятуға болады.

Топ мүшелері сабаққа түгелдей қатысып, өздерін

еркін сезінеді, сабаққа қатыспай, зерігіп, бос отыратын оқушы болмайды.

Сабақта АКТ - ны пайдалана отырып, жаңа тақырыпты қабылдауды жеңілдетіп, берілген топтық тапсырмалар арқылы сапалы оқыту жүзеге асады.

Жаңа тақырыпты меңгермес бұрын, оқушылардың қызығушылығын ояту мақсатында өткен тақырып бойынша «Ассоциация» құру, «Топтастыру», «Ой қозғау немесе миға шабуыл», Венн диаграммасын, т.б. стратегияларды қолдануға болады.

Бұл модуль әңгімеге сыныпта бастама жасайтын және де оны бақылап отыратын адам мұғалім болатын жағдайларды көрсетеді. Оқушының білім алуын қолдау үшін сұрақ қоюдың түрткі болу, сынақтан өткізу және қайта бағыттау сияқты әртүрлі техникаларын пайдалануға болады.

Сұрақ қою арқылы мұғалім:

Оқушыларды тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырады.

Оқушылардың шынайы қызығушылығын анықтайды.

Білімге құштарлығы дамиды.

Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауына ықпал етеді.

Оқушыларға сыни тұрғыдан ойлауға көмектеседі.

Жалпы сыни тұрғыдан ойлайтын оқушылар бел-

сенді болады, олар сұрақ қойып, дәлелдерді талдайды, мағынаны анықтау үшін саналы түрде сипаттамалар қолданады, мұндай адамдар жаңашыл идеялармен қаруланады.

«Мағынаны тану» фазасында «Өзара оқыту», «Нобайлау», «Тірек сөздер», т.б. стратегияларды қолдануға болады. «Ой толғаныс» фазасы бойынша әр топқа «Венн диаграммасы», «Блум сұрақтары», «Кім жылдам» стратегияларын және барлық топқа ортақ «Сіз білесіз бе?» тест тапсырмаларын пайдалана отырып, жаңа тақырыпты меңгерту, теориялық білімді практикамен ұштастыру, негізгі идеяны түсіну, шығармашылық кезінде көшбасшылықты анықтау мақсатында түрлі тапсырмалар орындатуға болады.

Оқыту нәтижесі қандай?

1. Мұғалім және оқушы арасындағы мәдениет қалыптасады.

2. Өздеріне сыни көзбен қарайды.

3. Өз ой - пікірлерін ашық, еркін жеткізе біледі.

4. Іс - әрекетті сыни бағалауды үйренеді.

5. Топта бірін - бірі тыңдайды.

6. Сыни тұрғыдан бағалайды.

Осындай нәтиже алсақ үлкен жетістік болар еді. Жаңаша оқыту –рухани жаңғырту бағдарламасының бір саласы деп ойымды түйіндеймін.